

«8D01503 – География» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Амангелди Озеркенің «Жалпы білім беретін мектептерде географияны оқытуда географиялық мәдениетті қалыптастырудың педагогикалық әдістері» атты диссертациялық жұмысына

ІІКІР

Амангелди Озеркенің диссертациялық жұмысы қазіргі білім беру жүйесінің өзекті мәселелерінің бірі – жалпы білім беретін мектептерде география пәнін оқыту үдерісінде оқушылардың географиялық мәдениетін қалыптастыру проблемасына арналған. Зерттеу тақырыбы Қазақстан Республикасының білім беру саясатының басым бағыттарымен, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарымен және заманауи педагогикалық ғылымның даму үрдістерімен тығыз байланысты.

Диссертациялық зерттеуде географиялық мәдениет ұғымы педагогикалық категория ретінде жан-жақты талданып, оның мазмұны мен құрылымдық компоненттері қазіргі ғылыми тәсілдер негізінде нақтыланған. Автор отандық және шетелдік ғалымдардың географияны оқыту теориясы мен әдістемесіне қатысты еңбектерін терең зерделеп, оларды жүйелеп, зерттеу нысанына сәйкес ғылыми тұжырымдар жасаған.

Жұмыстың ғылыми-әдістемелік деңгейі жоғары. Диссертацияда оқушылардың географиялық мәдениетін қалыптастыруға бағытталған педагогикалық әдістер жүйесі ұсынылып, олардың тиімділігі педагогикалық эксперимент арқылы дәлелденген. Автор ұсынған модель мен әдістемелік тәсілдер білім алушылардың географиялық ойлауын, кеңістіктік түсінігін және географиялық білімді өмірлік жағдаяттарда қолдану дағдыларын дамытуға бағытталған.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы алынған нәтижелердің жалпы білім беретін мектептерде география пәнін оқыту үдерісіне енгізілуімен айқындалады. Авторлық элективті курс әзірленіп, 2024-2025 оқу жылында мектеп тәжірибесіне енгізілген. Зерттеу материалдарын оқу бағдарламаларын жетілдіруде, әдістемелік құралдар дайындауда, сондай-ақ педагог кадрлардың біліктілігін арттыру жүйесінде пайдалануға болады.

Амангелди Озерке зерттеу барысында ғылыми дербестік танытып, алынған нәтижелерді халықаралық ғылыми конференцияларда талқылап, беделді шетелдік ғылыми басылымдарда, соның ішінде Scopus дерекқорына енген журналда жариялаған. Бұл зерттеу жұмысының ғылыми деңгейінің жоғары екенін және оның халықаралық ғылыми қауымдастық үшін де өзектілігін көрсетеді.

Диссертациялық жұмыс мазмұнының құрылымы логикалық тұрғыдан бірізді, тараулар мен бөлімдердің өзара байланысы сақталған, зерттеудің мақсаты мен міндеттері толық көлемде орындалған. Зерттеу нәтижелері жеткілікті дәрежеде негізделіп, теориялық тұжырымдар мен практикалық ұсыныстар педагогикалық эксперимент нәтижелерімен дәлелденген. Жұмыста

ұсынылған ғылыми тұжырымдар мен қорытындылар қазіргі педагогикалық ғылым талаптарына толық сәйкес келеді.

«8D01503-География» білім беру бағдарламасы бойынша ұсынылған философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін орындалған Амангелди Озеркенің «Жалпы білім беретін мектептерде географияны оқытуда географиялық мәдениетті қалыптастырудың педагогикалық әдістері» атты диссертациялық жұмысын Қазақстан Республикасы Білім және ғылым саласындағы қадағалау және аттестаттау комитетінің талаптарына сай келетін зерттеу деп бағалай келе, докторант Амангелди Озеркенің «8D01503 – География» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Ғылыми кеңесші

География ғылымдарының кандидаты,

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

география және табиғатты пайдалану факультеті

география, жерге орналастыру және кадастр

кафедрасының доценті

К.Д. Дуйсебаева



ЗАВЕРЯЮ

02 03 2026 ж.т.